

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
26.10.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісі Төрағасының орынбасары
Б.Т. КЕСЕБАЕВА жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 26.10.2022 года
Вела заседание Заместитель Председателя Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
Б.Т. КЕСЕБАЕВА**

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Келесі алтыншы және жетінші мәселелер «Ерекше тауарларды бақылау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» негізгі және оған ілеспе заңның жобалары жөнінде. Екінші оқылым.

Осы екі заң жобасы бойынша ортақ баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті әріптестер! Қаралып жатқан заң жобаларын Парламент Мәжілісі 2021 жылғы 7 сәуірде бірінші оқылымда мақұлдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 11 қаңтарда Мәжіліс отырысында ел қауіпсіздігін нығайту және қауіптердің алдын алу үшін қару айналымын мұқият бақылау және оны заңнамалық тұрғыдан реттеу қажеттігі туралы айтқан тапсырмасын ескере отырып, ерекше тауарларды бақылау одан да өзекті болып отыр.

Заң жобаларын қарау барысында Мәжіліс комитеттерінен және депутаттардан 150-ден астам ескертулер мен ұсыныстар түсіп, олар жан-жақты зерделеніп, жұмыс тобының отырыстарында талқыланды. Осылайша ерекше тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік бақылауды реттейтін бап толығымен қайта қаралды.

Үкімет бақылау субъектісіне бармай-ақ, импортталған ерекше тауарлардың мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуын профилактикалық бақылаумен ғана шектелуді ұсынды.

Депутаттар бақылау салаларын кеңейтетін түзетулер енгізді. Импортталған ерекше тауарларды мәлімделген мақсаттарда пайдалану ғана емес, сонымен бірге импортталған ерекше тауарларды үшінші тұлғаларға беру және ерекше тауарлармен жасалатын сыртқы экономикалық мәмілелердің есебін жүргізу ережелері мен мерзімдерін

сақтау бақылауға жатады. Сондай-ақ мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нысандары кеңейтілді, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау ғана емес, сонымен қатар бақылау субъектісіне бару, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер.

Мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібі бекітілді.

Мұның бәрі тиімді бақылау жүйесін құруға және Ұлттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Депутаттар профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тарту мүмкіндігін белгіледі.

Сонымен қатар ерекше тауарларды бақылау әртүрлі салаларда білікті сарапшы мамандарды тартуды талап етуі мүмкін екенін ескере отырып, депутаттар уәкілетті орган үшін мемлекеттік органдардан басқа арнайы білім мен дағдыларды меңгерген ұйымдар мен мамандарды тарту мүмкіндігін көздейтін түзетулер енгізді.

Мемлекеттік кіріс органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы тауарлардың өткізілуін бақылауды жүзеге асырған кезде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мақсатында депутаттар ұғымдық аппаратты «коммерциялық құжаттар» және «көлік құжаттары» деген талаптармен толықтырды.

Ілеспе заң жобасы негізгі заң жобасында көзделген нормаларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Депутаттар мынадай түзетулер енгізді: жаппай қырып-жою қаруын, қару-жарақ пен әскери техниканы жасау кезінде пайдаланылатын технологияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және көрсетілетін қызметтерді импорттағаны үшін қылмыстық жауаптылықты белгілеу. Аталған норманы енгізу біздің елде тыйым салынған жаппай қырып-жою қаруын, қару-жарақ пен әскери техниканы жасауға мүмкіндік беретін технологияларды елімізге заңсыз әкелудің жолын кесуге бағытталған және осы саладағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң жобаларының нормалары қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілді, комитеттер мен депутаттардың ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып пысықталды, нақтылаушы және редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобалары бойынша оң қорытындыларын берді.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен «Атамекен» ұлттық палатасы өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының он бес отырысы өткізілді.

Құрметті әріптестер! «Ерекше тауарларды бақылау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары Халықаралық істер, қорғаныс және